

Қорқыт ата атындағы Қызылорда педагогикалық институтын Қорқыт Ата атындағы Қызылорда мемлекеттік университеті етіп қайта құру туралы

Қазақстан Республикасы Үкіметінің Қаулысы 1996 жылғы 29 ақпан N 262

Жоғары оқуды одан әрі жетілдіру және оқу орындарының ғылыми-педагогикалық әлеуетін, материалдық-техникалық базасын тиімді пайдалану және Арал өңірі экологиялық аймағының біліктілігі жоғары мамандарға деген мұқтажын неғұрлым толық қамтамасыз ету мақсатында және мамандарды көп деңгейлі құрылым бойынша Қазақстан Республикасының жоғары білімінің мемлекеттік стандарттарына сәйкес даярлауға көшуге байланысты Қазақстан Республикасының Үкіметі Қаулы Етеді:

1. 1996 жылға бөлінген қаржы шегінде қаржыландырудың қолданылып жүрген тәртібі сақталып, Қорқыт ата атындағы Қызылорда педагогикалық институты Қорқыт ата атындағы Қызылорда мемлекеттік университеті болып қайта құрылсын.
2. Жаңадан құрылған Қорқыт ата атындағы қызылорда мемлекеттік университетінің құрамына заңдық және экономикалық дербестігін университет Жарғысында айқындай отырып, М.Мәметова атындағы педагогикалық колледж және Қызылорда музыкалық училищесі енгізілсін.
3. Қазақстан Республикасының Білім министрлігі университеттің құрылымын, мамандықтардың тізбесін және профессорлық-оқытушы құрамын айқындасын.
4. Қазақстан Республикасының Баспасөз және бұқаралық ақпарат ісі жөніндегі ұлттық агенттігіне университетке баспа қызметі құқығын беру және полиграфиялық базасын құруға жәрдемдесу ұсынылсын.
5. Қызылорда облысының әкімі университеттің материалдық-техникалық базасын одан әрі нығайту және студенттер мен профессорлық-оқытушы құрамның әлеуметтік-тұрмыстық жағдайын жақсарту жөнінде шаралар қарастырсын.
6. Жаңадан құрылған университеттің басшылығы оқу жоспарын және

бөлімшелердің құрылымын оңтайландыруды ескере отырып, штат санын 20 процентке қысқартып, босатылған қаржыны осы оқу орнының қызметкерлерінің еңбекақысын Бірыңғай тариф кестесіне сәйкес көтеруге жұмсасын.

Қазақстан Республикасының
Премьер-Министрі

© 2012. Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің «Қазақстан Республикасының Заңнама және құқықтық ақпарат институты» ШЖҚ РМК